

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

«16» ақпын 2017 жыл

БЖЗК жанындағы Қоғамдық Кеңес өз жұмысын бастады

Алматы, Қазақстан – Зейнетақымен қамсыздандыру бойынша БЖЗК жанындағы Қоғамдық Кеңес ресми түрде өз жұмысын бастады. Оны құру туралы бастама «БЖЗК» АҚ шешімімен көтерілген болатын.

Кеңес жинақтаушы зейнетақы жүйесінің барлық қатысушыларының зейнетақымен қамсыздандыруды жақсарту және БЖЗК қызметін жетілдіруге қатысты маңызды мәселелер бойынша пікірлерін зерделеу мақсатында құрылды.

Одан басқа, Қор жанында құрылған бұл тәуелсіз кеңесші орган БЖЗК қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу, қоғамдық бақылауды жүзеге асыру, зейнетақы заңнамасын жақсарту бойынша сұрақтарды талқылау және халықтың Қазақстан Республикасының жинақтаушы зейнетақы жүйесіне деген сеніміне қатысты күрделі мәселелерді айқындауға арналған өзіндік бір алаңға айналмақ.

2017 жылдың 16 ақпаны күні Қоғамдық Кеңестің алғашқы отырысы болып өтті. «БЖЗК» АҚ Басқарма Төрайымы Наурызбаева Нұрбүбі Серекқажықызы өзінің кіріспе сөзінде Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесінің операторы – БЖЗК қызметі бүгінгі таңда әрбір қазақстандық азамат үшін маңызды мәселелердің біріне айналғандығын атап өтті.

«Жұртшылықтың мүддесін қолдап әрі зейнетақы жүйесінің барлық қатысушыларының пікірлерін ескеру керектігін түсіне отырып, біз тәуелсіз кеңесші орган ретінде БЖЗК жанынан Қоғамдық Кеңес құруды ұсындық. Ол жариялылық негізінде сарапшылардың, қоғамдық ұйымдар өкілдерінің, БЖЗК салымшылары мен алушыларының және бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің ерікті түрде қатысуымен құрылады», - деді Н. Наурызбаева.

Алғашқы отырыста Кеңес мүшелерінің түпкілікті құрамы бекітіліп, Қоғамдық Кеңес туралы Ереженің жобасы талқыланды. Сонымен қатар Кеңестің төрағасы сайланып, БЖЗК қызметінің ашықтығы туралы мәселелер талқыға салынды.

Қоғамдық Кеңес туралы Ереже оған қатысты ескертпелер ескеріле отырып, келесі отырыста мақұлданып болады.

Қоғамдық Кеңес өз қызметін жариялылық, еріктілік және Кеңестің барлық мүшелерінің өздері қабылдайтын шешімдері үшін тең әлеуметтік жауапкершілігі қағидалары негізінде жүзеге асыратын болады.

Кеңестің құрамына мына тұлғалар енді:

• Тәуелсіз сарапшылар:

1. Қадыржан Дәмитов (ҚР ҰБ Төрағасы (1998-1999), Халық банкінің директорлар Кеңесінің мүшесі (тәуелсіз директор) (2005—2007), 2010 жылдан күні бүгінге дейін), саяси қайраткер);
2. Азамат Жолдасбеков (KASE президенті (2002—2009), ҚР бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық Комиссиясының төрағасы (1999—2001). Экономика ғылымдарының кандидаты);
3. Евгений Сейпульник (Solutio Қазақстан-Британия Заң фирмасының бас директоры);
4. Айдархан Құсайынов («Almagest» ЖШС компаниясының бас директоры, Ресей мен Қазақстанның Тәуелсіз Директорлары Қауымдастығының мүшесі, Frontier Strategy Group сарапшылық желісінің мүшесі);
5. Ғалым Хұсайынов («BRB INVEST» ЖШС Бас Директоры);
6. Досым Сәтбаев (Саяси тәуекелдерді бағалау (ARG) тобының директоры, 100-ге жуық ғылыми, газеттік жарияланымдардың, 2 монографияның авторы, 4 ұжымдық монографияның бірлескен авторы);
7. Ерлан Сайыров (саясаттанушы, Гумилев атындағы ЕҰУ «Еуразия» орталығының ғылыми қызметкері, 30 ғылыми мақаланың және 3 кітаптың авторы);
8. Петр Своик (Қазақстанның саяси қайраткері, саясаттанушы, публицист).

• Қоғамдық ұйымдардың өкілдері:

9. Юлия Якупбаева (Басқарма мүшесі, ҚР «Атамекен» ҰКП Басқарма төрағасының орынбасары);
10. Қуат Домбай (Қазақстан қаржыгерлері Қауымдастығының басқарушы директоры);
11. Мархаббат Нұров (Жастар одағы төрағасының орынбасары);
12. Ержан Игібаев (Қазақстан Республикасы аудиторлар Палатасының атқарушы директоры);
13. Наталья Ахшабаева (Іскер әйелдер Қауымдастығының өкілі);
14. Ботагөз Жұманова («Қаржылық еркіндік» қоғамдық қоры қамқоршылық кеңесінің басшысы);
15. Жұмагүл Тәжібекова (ҚР Кәсіподақтар федерациясының Алматы қаласы бойынша аумақтық бірлестігінің төрағасы);
16. Рахым Ошақбаев (Қазақстан экономистері Қауымдастығының өкілі).

• БАҚ және блог саласының өкілдері:

17. Василина Атоянц (Tengrinews.kz);
18. Ксения Бондал (КазТАГ);
19. Данияр Дауталиев («ҚазАқпарат» ХАА);
20. Ирина Ледовских (Today.kz);
21. Александра Алёхова (365info.kz);
22. Анна Видянова («Капитал.kz» ІАО, kapital.kz);
23. Алексей Байтеев (блогер);
24. Жанна Ильичёва (блогер).

• Салымшылар және алушылар:

25. Бауыржан Қасымбергбаев (бизнесмен);
26. Аділғазы Турсынбаев (алушы);
27. Алевтина Донских (алушы, журналист, «Деловой Казахстан» газеті бас редакторының орынбасары);
28. Гүлсара Алтынбекова (алушы, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қызметкері);
29. Светлана Кожухова ("Қазақ суарнасы жобасы" АҚ бас маманы)

Қоғамдық Кеңестің төрағасы болып белгілі қазақстандық саясаттанушы Досым Сәтбаев сайланды. Жоспардан тыс, бірақ ашық дауыс беру жолымен Кеңес төрағасының орынбасарын да сайлау туралы шешім қабылданды.

Көпшілік дауыспен Қоғамдық Кеңес төрағасының орынбасары болып «Деловой Казахстан» газеті бас редакторының орынбасары Алевтина Донских сайланды.

Кеңес мүшелеріне 2017 жылға арналған «БЖЗҚ» АҚ қызметінің ақпараттық ашықтығын арттыру бойынша шаралар жоспары ұсынылды. Шаралар жоспары аясында Қоғамдық қабылдау, ашық есік күндерін өткізу, «БЖЗҚ» АҚ Басқарма Төрайымының блог-тұғырнамасын жасау және жүргізу, тұрғындар арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуді жүзеге асыру жоспарларнан.

Қоғамдық Кеңестің бүкіл жұмысы барынша ашық болады: барлық кездесулер, отырыстар жайындағы хаттамалар БЖЗҚ www.enpf.kz ресми сайтында жарияланатын болады.

«БЖЗҚ» АҚ Басқарма Төрайымы Нұрбүбі Наурызбаева өз сөзінде Қоғамдық Кеңес алдына қойылған барлық міндеттерді шешетіндігіне үміт артатындығын жеткізді.

«Қоғамның жұмысы сындарлы болатындығына және бірлесе отырып жинақтаушы зейнетақы жүйесін барынша ашық, түсінікті және әрбір қазақстандық азамат үшін тиімді ете аламыз деген үміттемін» - деді Н. Наурызбаева.

Қоғамдық Кеңестің келесі мәжілісі бір айдан кейін, 2017 жылдың 15 наурызы күні өткізу туралы шешім қабылданды.

Бұл уақытқа дейін Кеңес мүшелеріне жұртшылықты мазалайтын сұрақтарды жинап, зерделеу тапсырылды. Бұл сұрақтар Кеңестің алдағы отырыстарының күн тәртібіне қойылатын тақырыптарға айналады.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін

сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді.

Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін жүргізуді, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы
БАҚ үшін байланыстар: press@enpf.kz